

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 82 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 395 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.05.22. N 407 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Көші-қон және демография мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 82 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 3, 43-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбында және мәтінде "және демография" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Көші-қон және демография мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамында:

тақырыбында "және демография" деген сөздер алынып тасталсын;

Көші-қон және демография мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Қарақұсова - Қазақстан Республикасының Еңбек және
Гүлжан Жанпейісқызы халықты әлеуметтік қорғау министрі,
төрайым

Әбдиев - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
Жазбек Ниетұлы әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон
комитетінің төрағасы, төрайымның
орынбасары

Бисембаева - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
Бағила Мүбәракқызы әлеуметтік қорғау министрлігінің
Көші-қон комитеті төрағасының орынбасары,
хатшы

Досжан - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Ардақ Дүкенбайұлы ақпарат және спорт вице-министрі

Тұңғышбеков - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Санат Тұңғышбекұлы министрлігі Ауылдық аумақтар істері
комитетінің төрағасы

Сизов - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын
Александр Павлович басқару агенттігі төрағасының бірінші
орынбасары

Ысқақов - Қазақстан Республикасы
Ержан Сағиұлы Премьер-Министрінің Кеңесі
Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің бас
сарапшысы

Пістаев - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Марат Құрманәлиұлы министрлігі Көші-қон полициясы
департаментінің бастығы;

мына:

"Қалетаев - Қазақстан Республикасы Президентінің
Дархан Аманұлы Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің
меңгерушісі (келісім бойынша)"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қалетаев - Қазақстан Республикасы Президентінің
Дархан Аманұлы Әкімшілігі Әлеуметтік-саяси бөлімінің
меңгерушісі (келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан Есімов Ахметжан Смағұлұлы, Әбдімомынов Азамат
Құрманбекұлы, Жағанова Алтыншаш Қайыржанқызы, Қаржаубаев Аслан
Жұмағалиұлы, Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы, Әшітов Батыржан
Зайырқанұлы, Жампейісов Амангелді Сүйімбайұлы, Мусина Лилия Сәкенқызы,
Отто Иван Иванович, Рябченко Олег Григорьевич шығарылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі
жанындағы Көші-қон және демография мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу
жөніндегі комиссия туралы ережеде:

тақырыбында және мәтінде "және демография" деген сөздер алынып
т а с т а л с ы н ;

8-тармақта "Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография
жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігінің
Көші-қон комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі